

Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

Instagram: saran_today, saran_gazeti

Facebook: sarangazeti

Website: sarangazeti.kz

» ҚАЛА ТЫНЫСЫ

САРАНДА КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР МАРАПАТТАЛДЫ



Қала әкімінің орынбасары Алмас Омарханов көпбалалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқасымен марапаттады.

24 қазан күні қала әкімдігінде салтанатты рәсім өтіп, көпбалалы аналарға мемлекеттік наградалар табысталды. Шараға қала әкімінің орынбасары Алмас Омарханов қатысып, Саран қаласының тұрғыны, жеті баланың ардақты анасы Наталья Гуцулякті «Алтын алқа» және алты баланың аяулы анасы Елена Бабошинаны «Күміс алқа» алқасымен марапаттады. Марапат иегерлеріне еліміздің де-

мографиялық дамуына қосқан үлесі мен отбасылық құндылықтарды дәріптегені үшін алғыс айтылды. Көпбалалы аналар да өз тарапынан ризашылығын жеткізді.

Осындай марапатқа ие болатынымды естігенде, әрине, қуандым. Бұл менің екінші алқам. Оған дейін «Күміс алқа» алқасымен марапатталғанмын. Алты қыз, бір ұлым бар, - деді Наталья Гуцуляк.

Еске сала кетейік, «Алтын алқа» алқа жеті және одан да көп бала тәрбиелеп өсірген аналарға, ал «Күміс алқа» алқасы алты баласы бар аналарға беріледі.

Дина ӘБДИҒАЛИЕВА

ПОДПИСКА НА ПЕРВОЕ ПОЛУГОДИЕ 2026 ГОДА УЖЕ НАЧАЛАСЬ!

БУДЬ В КУРСЕ
ВСЕХ НОВОСТЕЙ
В ГОРОДЕ!

Индивидуальная:

На год - 5 830 тенге

ПОПУЛЯРНЫЙ ВАРИАНТ!

На 6 месяцев - 2 900 тенге

На 3 месяца - 1 458 тенге

Альтернативная:

На год - 4 000 тенге

На 6 месяцев - 2 000 тенге

На 3 месяца - 1 000 тенге

Юридическая:

На год - 13 794 тенге

На 6 месяцев - 6 897 тенге

ПОДПИСЫВАЙТЕСЬ В РЕДАКЦИИ ПО УЛ. ЖАМБЫЛА, 69/1
ИЛИ ПО WHATSAPP: +7-778-207-10-06

» ҚАЛА ТЫНЫСЫ

САРАНДА «АУЫЛ БЕРЕКЕ» ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ



25 қазан - Республика күнінде қалалық «Сұңқар» стадион алаңында дәстүрлі «Ауыл береке» күзгі жәрмеңкесі өтті.

Жәрмеңкеде Абай, Қарқаралы, Шет аудандарының шаруалары, Қарағанды, Теміртау, Шахтинск пен Саран және т.б. қалаларының кәсіпкерлері өз өнімдерін ұсынды. Сауда сөрелерінде ет, сүт, көкөніс, бал, жұмыртқа, шұжық, кондитерлік өнімдер мен киім-кешектер, басқа да үйге қажет заттар қолжетімді бағамен сатылды.

- Биылға бұл екінші рет ұйымдастырылған жәрмеңке. Оған дейін РТИ-да өткізген болатынбыз. Осы жәрмеңкеге Саран қаласына әр түрлі өңірлерден 61 кәсіпкер келді, - деді «Саран қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің маманы Адильбек Калиев.

Мерекеге орай жәрмеңкеде кон-

церттік бағдарлама ұйымдастырылды. Көпшілікке ұсынылған азық-түліктің бағасы нарықтағыдан әлдеқайда төмен болды. Сиыр, қой, жылқы еті - 2900 теңгеден басталса, шошқа еті 2300 теңгеден, картоп - 120 теңгеден, қырыққабат пен пияз - 100 теңгеден, сәбіз - 120 теңгеден сатылды. Одан басқа да өнімдер, отандық өндірушілердің басқа да тауарлары тиімді бағада ұсынылды.

- Барлықтарыңызды Республика күнімен құттықтаймын. Еліміз аман, деніміз сау, аспанымыз ашық болсын. Жәрмеңке жақсы өтуде. Сиыр, қой етін алдық. Бағалары да қолжетімді. Ұйымдастырушыларға рақмет, - деп пікірін білдірді қала тұрғыны Зоя Ермакушева.

- Саран қаласына біз Қарқаралы ауданынан келдік. Жәрмеңке жақсы болуда. Күн де жақсы. Халық көп. Бүгінгі мерекемен барлықтарыңызды құттықтаймыз! Отанымыздың іргесі аман болсын!, - деп тілегін білдірді «Ерасыл» шаруа қожалығының иесі Гүлдана Дауренбекова.



Сондай-ақ, жәрмеңке аумағында саудагерлерге барлық қажетті тұрмыстық және санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасалды. Жергілікті жерде

ветеринарлық зертхананың жұмысы ұйымдастырылып, бақылау таразы орнатылды.

Дина ӘБДИҒАЛИЕВА

» БІЛІМ

МОЛ ӘСЕР СЫЙЛАҒАН АШЫҚ ЕСІК КҮНІ



22 қазан күні №9 арнайы мектеп-интернатында ашық есік күні өтті. Оның аясында жаңа оқу жылында болған өзгерістер мен ресурстық орталықтың жұмысы, оның қызметіне қатысты тың ақпарат берілді.

Ұйымдастырушылардың айтуы бойынша, бұл шараның басты мақсаты - арнайы педагогтердің оқу-тәрбие үдерісінде түзету-дамыту технологияларын қолдану және ЕББҚ бар балалардың оқуына, дамуына, тәрбиесіне және әлеуметтік бейімделуіне арналған арнайы ұйымдастырылған жағдайларды жасау тәжірибесін ұсыну.

Шараға қалалық білім бөлімінің әдіскері Елена Коробова, жалпы білім беретін мектептердің директор орынбасарлары, мамандары мен мұғалімдері қатысты. Оларға мектеп-интернатының жұмысы мен инклюзивті білім беру бойынша, педагогикалық қолдаудың маңызы жайлы мәлімет берілді. №9 арнайы мектеп-интернат директорын ОТЖ орынбасары, мұғалім-дефектолог Галия Маженова ресурстық орталықтың жұмыс жоспарын ұсынды. Оның аясында педагогтер бір-бірімен тәжірибе алмасып, дөңгелек үстелдер, онлайн және офлайн түрде кездесулер өткізілмек.

- Қарағанды облысының білім басқармасының бұйрығы негізінде биылғы оқу жылынан бастап біздің мектеп-интернатта инклюзивті қолдау бойынша ресурстық орталық жұмыс істейді. Орталықтың мақсаты - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар

үшін қолайлы орта жасау, сондай-ақ қаламыздағы білім беру мекемелеріне, мұғалімдерге және ата-аналарға ақпараттық, әдістемелік, ғылыми, практикалық және консультативтік қолдау көрсету, - деді ҚОББ «№9 арнайы мектеп-интернаты» КММ директоры Салтанат Бесжигитова.

Сондай-ақ, қатысушыларға білім ордасының тыныс-тіршілігімен жақын танысуға мүмкіндік берілді. Шара барысында қатысушылар тек ақпарат алып қана қоймай, оқу кабинеттерін аралап, мектептің материалдық-техникалық базасымен танысты.

Шығармашылық жұмыстарын ташамалап, түрлі шеберлік сабақтарына қатысу арқылы балалардың өнерге, ізденіске деген қызығушылығын байқады. Мектеп мұражайын аралау арқылы білім ордасының тарихымен, оның даму жолымен және жетістіктерімен танысты. Мұражай экспозицияларында өткен жылдардың естеліктері мен тарихи құжаттар, фотосуреттер, марапаттар қойылған.

Іс-шараның соңында Республика күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды. Балалар өздерінің білімдері мен өнерлерін көрсетіп, білім орданың мүмкіндіктерін ортаға паш етті.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА



» ОБРАЗОВАНИЕ

"Мост поколений: живем и помним имя Республики"



- под таким названием состоялось праздничное мероприятие, посвященное Дню Республики в общеобразовательной школе №6.

Гостями этого большого праздника стали представители старшего поколения Сарани - ветераны труда, труженики тыла, Отличники образования. Все они - наша гордость, пример для подражания. Они внесли свой неоценимый вклад в строительство и развитие нашего города, его процветание. И сейчас находятся что называется "на передовой", поддерживая традиции

преемственности поколения.

В этот день звучали не только поздравления и яркие концертные номера, но и воспоминания гостей праздника, а также теплые пожелания для школьников.

Также были организованы выставка - галерея "Казахстан в кадре", инфо - зона "Экологический Казахстан", арт - выставка "Казахстан глазами детей".

Соб. инф.

» БІЛІМ

«ЖАС САҚШЫЛАР» САП ТҮЗЕДІ: тәртіп пен патриоттық рух – басты ұстаным



Республика күні мен Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылдануына 35 жыл толуына орайластырылған «Заң мен Тәртіп» аясындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес, Саран қаласының «№7 мектеп-интернаты» КММ-де "Жас сақшы" әскери-патриоттық жасақ қатысушыларымен саптық қарау ұйымдастырылды.

Іс-шараға Саран қаласының полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция полковнигі Ахметов Арман Жанатұлы арнайы қатысып, "Заң мен Тәртіп" идеологиясы бойынша түсіндіру жұмысын жүргізді. Ол өз сөзінде еліміздің ішкі тәртібі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі құқық қорғау саласы-

ның маңызын, офицерлік абырой мен тәртіптің қоғамдағы рөлін нақты мысалдармен түсіндіріп өтті.

Сонымен қатар, Жумашева Жұлдыз Баяновна, ақпараттық саясат тобының жетекші маманы, "Жас сақшы" сыныбына еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрылымдардың қызметі, олардың күнделікті жұмысы мен жауапкершілігі туралы баяндады. Оқушылар мамандардың кәсіби жолы, қызметтік міндеттерімен танысып, өз қызығушылықтарын білдірді.

Саптық тәртіп пен әскери рухты бойға сіңіруге бағытталған бұл кездесудің басты мақсаты – жас ұрпақтың бой-

ында отансүйгіштік, тәртіп пен жауапкершілік секілді қасиеттерді қалыптастыру. Оқушылар мемлекеттік рәміздерге құрмет, әскери тәртіптің негіздері мен офицерлік әдебіне қатысты құнды мағлұматтар алып, құқық қорғау қызметінің күрделі де қадірлі жолы жайлы тереңірек түсінік алды.

Іс-шара барысында оқушылар патриоттық рухты сезініп, тәртіптің маңызын ұғынды. Бұл кездесу олардың болашақ мамандық таңдауларына да оң әсер ететіні сөзсіз.

М.К.Байкөжекова,
«№7 мектеп-интернаты»
КММ
директордың тәрбие
жөніндегі орынбасары

» МЕРЕЙТОЙ

САРАН ҚАЛАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНА ЖҮИЕСІНЕ – 50 ЖЫЛ!

24 қазан күні Саран қаласының тұрғындары мен қонақтары сүйікті рухани ордасы – қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің 50 жылдық мерейтойын ерекше қуанышпен атап өтті.

Елу жыл – бұл тарих, руханият пен білімнің алтын қазығы! Кітапхана

– кітаптар мекені ғана емес, зияткерлік пен көркем ойдың тоғысқан, жүректер үндескен қасиетті орын.

Мерекелік шара барысында «Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ғалия Тохметова құттықтау сөз сөйлеп: «Құрметті кітапханашылар! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Кітапханашылар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Кітап білімнің бұлағы, ал сіздер сол білімнің алтын көпірі бола білген асыл жандарсы-



здар. Сіздерге зор денсаулық, қажымас күш-қуат, шығармашылық табыс пен сәттілік тілеймін», - дей келе салтанатты түрде кітапхана қызметкерлерін қала әкімінің Алғыс хаттарымен, сонымен қатар, қажырлы еңбек еткен, рухани орданың дамуына елеулі үлес қосқан кітапхана саласының ардагерлерін қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің Алғыс хаттарымен марапаттады.

Әсем ән мен биге, жылы лебіз бен

шынайы ықыласқа толы мерекелік шарада әр шығармалық нөмір кәсіби мерекенің сәнін кіргізіп, көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Жарты ғасыр бойы қала тұрғындарын біліммен сусындатып, оқырман мен кітап арасындағы алтын көпірге айналған ұжымды кәсіби мерекесімен құттықтаймыз! Алдағы уақытта да бұл рухани ошақ өз оқырмандарын жаңа жетістіктермен қуанта берсін!

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

» ОБЩЕСТВЕННЫЙ СОВЕТ

В фокусе внимания – важные вопросы



23 октября, согласно плана прошло очередное заседание Общественного совета. На повестке дня были рассмотрены вопросы о работе по созданию атмосферы нетерпимости к любым проявлениям коррупции и формированию антикоррупционной культуры в обществе, о предоставлении государственных услуг государственными учреждениями ЖКХ и отделом земельных отношений. Так же на рассмотрении поступил проект постановления акимата города Сарани «Об установлении публичного сервитута на земельные участки города Сарани и поселка Актас»

По вопросу работы антикоррупционной политики в городе в выступлении главного инспектора-юриста акимата отмечено, что проводятся акции «Народный юрист», семинары, круглые столы, консультации, разъяснения, где оказывают населению бесплатную

юридическую помощь. Проводится работа среди учащихся школ города - конкурсы сочинений, плакатов. Проведен семинар-тренинг для государственных служащих. Ролики размещаются в городских пабликах, местной газете. Вся работа согласовывается с Агентством государственной службы и информация размещена на сайте акимата.

Одним из приоритетных направлений в государственной политике является качество оказания государственных услуг. Поэтому повышение качества оказания госуслуг - это важный аспект противодействия коррупции, а также повышения доверия граждан к деятельности государственных органов. В информации отделов ЖКХ и земельных отношений был представлен перечень услуг, оказываемых органами. Информации о порядке оказания услуг размещены на официальном сайте учреждений и обновляются по мере

необходимости. Так же консультации проводятся по телефону. Жалоб граждан не поступало. Работа по осуществлению контроля за качественным и своевременным оказанием госуслуг продолжается.

В ходе подготовки материалов заседания поступил проект постановления акимата об установлении сервитута на земельные участки. Сервитут - это право ограниченного пользования чужой недвижимостью для решения определенных нужд. Данное постановление связано с газификацией прилегающих населенных пунктов. Общественный совет дал рекомендацию на данное постановление акимата.

В завершение советом выданы рекомендации для работы государственных органов.

С. Тлекбаев,
председатель общественного
совета г. Сарани

» АКТУАЛЬНО

Важно для очередников на получение жилья



На прошлой неделе заведующая сектором жилищных отношений ГУ "Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Сарани" Н. Герасченко провела прямой эфир с нашими читателями, где подробно рассказала о порядке получения жилья из государственного фонда, право на распределение которого передано АО "Отбасы банк". Теперь это единый оператор по жилью в Казахстане.

В частности, были затронуты такие моменты как проверка очередности, актуализация данных и т.д. Отмечалось, что номера очередности всех претендентов на жилье аннулированы, поскольку АО "Отбасы банк" будет распределять жилье по датам постановки на учет.

Кроме этого, 22 октября в Доме культуры состоялась встреча сотрудников данного банка с жителями нашего города и поселка Актас, в ходе которой были даны разъяснения правил постановки на учет и распределение жилья.

Б. Майпасова

2025 жылғы 26 қазанда өткен Саран қалалық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлау қорытындылары туралы хабарлама

2025 жылғы 26 қазанда № 8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Саран қалалық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлау өтті.

Сайлаушылар тізіміне 2754 азамат енгізілді. Дауыс беруге 1449 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша дауыс берген сайлаушылар саны – 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс – 24 сайлаушы қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны – 3.

1.№8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Саран қалалық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлаудың келесі қорытындылары белгіленді:

- Владимир Владимирович Алескеров үшін 677 сайлаушы дауыс берді,
Альбина Оспановна Нурмаханова үшін 101 сайлаушы дауыс берді;
Азиек Алмазович Нурнаби үшін 183 сайлаушы дауыс берді;
«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны – 334.

2. Сайлау қорытындысы бойынша № 8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Саран қалалық мәслихатының депутаты болып Владимир Владимирович Алескеров сайланды, 1990 жылы туған, «A.V. Group» ЖШС бас директоры, Саран қаласы.

Саран қаласының аумақтық сайлау комиссиясы

Қарағанды облысы Саран қаласының № 8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Саран қалалық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына кандидаттардың сайлау қорытындылары анықталғаннан кейін сайлау қорлары қаражатының түсуі және жұмсалуды туралы есебі

2025 жылғы 27 қазандағы жағдай бойынша теңгемен

№	Іс-шаралардың атауы	Саран қалалық мәслихатының депутаттығына кандидаттардың ТАӘ		
		№ 8 сайлау округі Алескеров Владимир Владимирович	№ 8 сайлау округі Нурмаханова Альбина Оспановна	№ 8 сайлау округі Нурнаби Азиек Алмазович
1	Сайлау қорына түскен қаражаттың барлығы, оның ішінде:	0	0	0
1.2	жеке қаражат	0	0	0
1.3	ерікті қайырмалдықтар, оның ішінде:	0	0	0
1.3.1	азаматтардан	0	0	0
1.3.2	ұйымдардан	0	0	0
2	Белгіленген шекті мөлшерден асып кетуіне байланысты қайырмалдықы берушілерге қайтарылған қаражаттың барлығы, оның ішінде:	0	0	0
2.1	азаматтарға	0	0	0
2.2	ұйымдарға	0	0	0
3	Жұмсалған сайлау қоры қаражатының барлығы, оның ішінде:	0	0	0
3.1	кез келген тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарына шығу (01 шығыстар коды)	0	0	0
3.2	сайлау алдындағы жария іс-шараларды, кандидаттардың, олардың сенім білдірілген адамдарының сайлаушылармен жеке кездесулерін ұйымдастыруға және өткізуге арналған шығыстар (02 шығыстар коды)	0	0	0
3.3	баспа, дыбысбейне және өзге де үгіт материалдарын шығаруға және (немесе) таратуға арналған шығыстар (03 шығыстар коды)	0	0	0
3.4	заңды және жеке тұлғалардың үгіт жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеуге арналған шығыстар (04 шығыстар коды)	0	0	0
3.5	кандидаттардың, олардың сенім білдірілген адамдарының сайлау алдындағы үгітпен байланысты көлік және іссапар шығыстарын жабуға арналған шығыстар (05 шығыстар коды)	0	0	0
3.6	сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа материалдарын, соның ішінде безендірілген материалдарды, сондай-ақ омырауға тағатын белгілерді, жалауларды, жалаушаларды және басқа да белгілер мен нышандарды тегін тарату үшін дайындау шығыстары (06 шығыстар коды)	0	0	0
4	Сайлау қоры қаражатының қалдығы			
5	Республикалық бюджетке аударылды (қаражат қалдығының 2/3 бөлігі)	0		
6	Кандидатқа қайтарылды (қаражат қалдығының 1/3 бөлігі)	0		

Саран қаласының аумақтық сайлау комиссиясы

«Қазақстан Халық банкі» АҚ Қарағанды облыстық филиалының деректері негізінде

Сообщение об итогах выборов депутата вместо выбывшего Саранского городского маслихата, состоявшихся 26 октября 2025 года

26 октября 2025 года состоялись выборы депутата Саранского городского маслихата вместо выбывшего, избираемого по одномандатному территориальному избирательному округу № 8.

В списки избирателей включены 2754 гражданина. В голосовании приняли участие 1449 избирателей, из них число избирателей, проголосовавших по открепительным удостоверениям – 0, вне помещений для голосования – 24.

Общее число кандидатов – 3.

1. Установлены следующие итоги выборов депутата Саранского городского маслихата вместо выбывшего, избираемого по одномандатному территориальному избирательному округу № 8:

- за Алескерова Владимира Владимировича подано 677 голосов избирателей;
за Нурмаханову Альбину Оспановну подан 101 голос избирателей;
за Нурнаби Азиека Алмазовича подано 183 голоса избирателей;
число бюллетеней с отметкой «Против всех» – 334.

2. По итогам выборов депутатом Саранского городского маслихата по одномандатному территориальному избирательному округу № 8 избран Алескеров Владимир Владимирович, 1990 года рождения, генеральный директор ТОО «A.V.Group», город Сарань.

Территориальная избирательная комиссия города Сарани

Отчет кандидатов в депутаты Саранского городского маслихата вместо выбывшего по одномандатному территориальному избирательному округу № 8 города Сарани Карагандинской области о поступлении и расходовании средств избирательных фондов после установления итогов выборов

по состоянию на 27 октября 2025 года, в тенге

№	Наименования мероприятий	ФИО кандидатов в депутаты Саранского городского маслихата		
		Избирательный округ № 8 Алескеров Владимир Владимирович	Избирательный округ № 8 Нурмаханова Альбина Оспановна	Избирательный округ № 8 Нурнаби Азиек Алмазович
1	Всего поступило средств в избирательный фонд, в т.ч.:	0	0	0
1.2	собственные средства	0	0	0
1.3	добровольные пожертвования, в том числе от:	0	0	0
1.3.1	граждан	0	0	0
1.3.2	организаций	0	0	0
2	Всего возвращено средств жертвователям в связи с превышением установленного предельного размера, в т.ч.:	0	0	0
2.1	гражданам	0	0	0
2.2	организациям	0	0	0
3	Всего израсходовано средств избирательного фонда, в т.ч. на:	0	0	0
3.1	выступления в любых зарегистрированных средствах массовой информации (код расходов 01)	0	0	0
3.2	организацию и проведение публичных предвыборных мероприятий, личных встреч кандидатов, их доверенных лиц и доверенных лиц политических партий, выдвинувших партийные списки, с избирателями (код расходов 02)	0	0	0
3.3	выпуск и (или) распространение печатных, аудиовизуальных и иных агитационных материалов (код расходов 03)	0	0	0
3.4	оплату услуг юридических и физических лиц по организации агитационной работы (код расходов 04)	0	0	0
3.5	покрытие транспортных и командировочных расходов кандидатов, их доверенных лиц, связанных с предвыборной агитацией (код расходов 05)	0	0	0
3.6	изготовление для бесплатной раздачи печатных, в том числе иллюстративных материалов, а также значков, флагов, флажков и других знаков и символов, специально изготовленных для избирательной кампании (код расходов 06)	0	0	0
4	Остаток средств избирательного фонда			
5	Перечислено в республиканский бюджет (2/3 остатка средств)	0		
6	Возвращено кандидату (1/3 остатка средств)	0		

Территориальная избирательная комиссия города Сарани

на основании данных Карагандинского областного филиала АО «Народный банк Казахстана»

» ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ДИАЛОГ ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазіргі әлемде діни, этникалық және мәдени әртүрлілік – адамзат дамуының ажырамас бөлігіне айналды. Бұл әртүрлілік бір жағынан қоғамның рухани байлығын көрсетсе, екінші жағынан – белгілі бір жағдайда түсініспеушілік пен қақтығыстарға себеп болуы мүмкін. Осындай сын-қатерлерге қарсы тұру үшін бүгінгі күннің ең өзекті тетіктерінің бірі – конфессияаралық диалог пен ынтымақтастық.

Конфессияаралық диалог – әртүрлі діни сенім өкілдерінің өзара құрмет, түсіністік және бейбітшілік негізінде жүргізетін пікір алмасуы. Бұл диалог тек діни мәселелерді ғана емес, сонымен қатар адамгершілік, білім беру, отбасы құндылықтары, қоршаған ортаны қорғау секілді ортақ мүдделерге қатысты тақырыптарды қамтиды.

Мұндай диалогтың негізгі мақсаты – өзара дұшпандықты жою, төзімділік мәде-

ниетін қалыптастыру және қоғамда сенім мен бейбітшілікті нығайту.

Діни конфессиялар арасындағы ынтымақтастықтың қоғам үшін маңызы зор. Біріншіден, ол экстремизм мен радикал идеологиялардың алдын алуға көмектеседі. Екіншіден, түрлі сенім өкілдерінің бірлескен гуманитарлық, әлеуметтік жобалары – халықты біріктіруге, қиындықтарды бірге еңсеруге жол ашады.

Мысалы, табиғи апаттар кезінде немесе әлеуметтік әлсіз топтарға көмек көрсетуде түрлі діни ұйымдар бірлесе әрекет етсе, бұл қоғамдағы өзара сенімді күшейтеді. Сондай-ақ, бірлескен мәдени іс-шаралар, жастар форумдары, қайырымдылық акциялары – конфессияаралық түсіністікті дамытуға ықпал етеді.

Қазақстан көпэтносты және көпконфессиялы мемлекет ретінде конфессияара-

лық келісім мен бейбіт қатар өмір сүрудің бірегей үлгісін көрсетіп отыр. Елде 18 конфессияға жататын 3 800-ден астам діни бірлестік тіркелген. Мемлекет діни сенім бостандығын қамтамасыз ете отырып, діндер арасындағы тепе-теңдік пен үйлесімді қатынасты сақтап келеді.

2003 жылдан бері еліміздің бастамасымен әр үш жыл сайын өткізілетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі – конфессияаралық диалогтың халықаралық аренасындағы озық мысалы. Бұл съезд арқылы Қазақстан діндер арасындағы ынтымақтастықты жаһандық деңгейде дамытуға ықпал етіп келеді.

Конфессияаралық диалог – бір реттік іс-шара емес, үздіксіз, жүйелі түрде жүргізілуі тиіс процесс. Бұл бағытта әсіресе жастармен жұмыс маңызды. Себебі бо-

лашақ ұрпақ төзімділік, өзара құрмет пен түсіністік негізінде тәрбиеленсе ғана, тұрақты әрі қауіпсіз қоғам қалыптасады.

Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары, білім беру жүйесі, үкіметтік емес ұйымдар мен діни көшбасшылар да осы үдеріске белсене атсалысуы қажет.

Конфессияаралық диалог пен ынтымақтастық – бейбітшілік пен тұрақтылықтың кепілі. Діни сенімдердің айырмашылығы қоғамның әлсіз тұсы емес, керісінше – оның мәдени, рухани байлығы. Сол байлықты сақтау, өзара түсіністік пен бірлікті нығайту – баршамыздың ортақ міндетіміз. Бұл жолда әрбір азаматтың саналы қатысуы мен мейірімді көзқарасы шешуші рөл атқарады.

А. Аскеева,
қалалық ақпараттық түсіндіру тобының жетекшісі

Экстремизмнің алдын алудағы діни сауаттылықтың рөлі

Қазіргі таңда жаһандану үдерісімен қатар, қоғамда түрлі әлеуметтік, саяси, діни мәселелер де қатар туындап келеді. Соның ішінде діни экстремизм мен радикализм – ұлттық қауіпсіздікке төнетін маңызды қауіптердің бірі. Бұл қауіптің алдын алуда діни сауаттылықтың маңызы ерекше. Себебі діни сауатсыздық – теріс ағымдардың жетегінде кетудің басты себептерінің бірі болып табылады.

Діни сауаттылық – адамның діни негіздер, қасиетті кітаптар, сенім жүйесі, шаріғат нормалары мен дәстүрлі дін қағидаттары туралы нақты әрі дұрыс ақпаратқа ие болуы. Бұл білім жеке тұлғаның діни мәселелерді дұрыс түсінуіне, сын тұрғысынан ойлауына және теріс идеяларды ажырата алуына мүмкіндік береді.

Экстремистік және радикалды топтар, әдетте, жастарды нысанаға алады. Олар діни білімнің

жоқтығын, әлеуметтік мәселелер мен психологиялық әлсіздікті пайдалана отырып, өз идеологияларын таратады. Интернет пен әлеуметтік желілер арқылы жалған діни уағыздар таратып, адамдарды адастырып жатады.

Діни сауаттылықтың экстремизмнің алдын алудағы маңызы зор. Ол санада иммунитет қалыптастырады.

Діни сауатты адам кез келген діни мәліметті сүзгіден өткізіп, шынайы дін мен теріс идеологияны ажырата алады. Бұл – экстремизмге қарсы иммунитеттің негізгі шарты. Дәстүрлі ислам құндылықтарын сақтайды.

Қазақстанда ғасырлар бойы қалыптасқан ханафи мәзһабы мен матуруди сенімі – сабырлы, бейбіт, төзімді ислам бағыттары. Діни сауаттылық осы дәстүрлі бағытты түсініп, ұстануға ықпал етеді.

Жастарды қорғауға көмектеседі. Мектеп, колледж, университет

деңгейінде діни-ағартушылық жұмыстар жүргізу арқылы жастардың бойында дінге деген дұрыс көзқарас қалыптастыруға болады.

Қоғамдық тұрақтылықты нығайтады.

Діни сауаттылық тек жеке адам үшін ғана емес, тұтас қоғам үшін де маңызды. Ол дінаралық, этносаралық татулық пен бейбітшілікке ықпал етеді.

Экстремизм мен радикализмге қарсы күресте күштік әдістермен қатар, білім мен ағартушылық та маңызды рөл атқарады. Әсіресе діни сауаттылық – бұл рухани қауіпсіздіктің негізгі қалқаны. Сондықтан қоғамда, әсіресе жастар арасында діни білім беруді, ағартушылықты күшейту – ел болашағы үшін жасалатын маңызды қадам.

Н. Мұсабеков,
Саран қалалық мешітінің бас имамы, қалалық ақпараттық топтың мүшесі

» РЕЛИГИЯ И ОБЩЕСТВО

Религия и экстремизм

Религия, будучи мощным духовным ориентиром для миллионов людей, несет в себе потенциал для добра, сострадания и объединения. Она предлагает нравственные принципы, смысл жизни, является источником утешения, морали и чувства общности. Однако, к сожалению, некоторые группы искажают ее учения, превращая веру в оправдание для насилия и ненависти. Экстремизм, прикрываящийся религиозными лозунгами, представляет собой серьезную угрозу для мирного сосуществования. Важно понимать, что подавляющее большинство верующих осуждают подобные действия и не имеют ничего общего с экстремистскими идеологиями. Ис-

тинная духовность призывает к состраданию, терпимости и уважению к другим, а не к агрессии. Борьба с экстремизмом требует комплексного подхода, включающего образование, социальную справедливость и уважение к многообразию. Важно развивать критическое мышление и противостоять любым попыткам манипуляции религиозными чувствами. Только через диалог и взаимопонимание мы сможем отделить истинные ценности веры от её искаженных форм и сохранить богатство и многообразие наших обществ.

Е. Гуляева,
и.о. руководителя Библиотеки семейного чтения №1

Переход контрольно – кассовых машин с функцией фиксации и (или) передачи данных на сервер операторов фискальных данных на новый Протокол версии 2.0.3:.

Управление государственных доходов по городу Сарани, сообщает:

В соответствии с изменениями, внесенными 14 марта 2025года в Приказ Министра финансов Республики Казахстан «О некоторых вопросах применения контрольно-кассовых машин» от 16 февраля 2018 года №208, комитетом разработан Протокол передачи данных с контрольно – кассовых машин с функцией фиксации и (или) передачи данных на сервер операторов фискальных данных, версии 2.0.3.

20 июня 2025 года Протокол версии

2.0.3 опубликован на официальном интернет-ресурсе Комитета по ссылке: https://kgd.gov.kz/sites/default/files/KGD/UGU/protokol_peredachi_dannyh_2_0_3_operator.docx

В Протоколе версии 2.0.3 предусмотрен сервис для автоматического подключения ККМ к Национальному каталогу товаров и определения геолокации на стороне ОФД, определяющего точное местоположение ККМ.

В этой связи, комитетом определен и установлен срок перехода на новый Протокол версии 2.0.3:

– для налогоплательщиков, приме-

няющих ККМ, являющихся электронным устройством с функцией фиксации и (или) передачи данных необходимо произвести перепрограммирование до 15 ноября 2025 года.

Дополнительно сообщаем, что с 17 ноября 2025 года запланировано отключение Протокола версии 2.0.2 ОФД.

На сегодняшний день в перечне ОФД состоят 10 юридических лиц: АО «Казахтелеком», АО «Транстелеком», ТОО «Кар-Тел», АО «Kaspi Bank», ТОО «IT ANALYTICS», ТОО «Бухта.кз», ТОО «Smartcontract», АО «Jusan Mobile»,

ТОО «Comgun», ТОО «Вайпоинг».

При этом, обновление ККМ являющихся аппаратно-программными комплексами производится автоматически без обращения в Центры технического обслуживания.

По всем возникающим вопросам можно обращаться в Управление государственных доходов по городу Сарани по адресу: г.Сарань, ул.Победы, д.33 или по телефону: 8(7212)-76809.

Е. Сивкова,
руководитель по работе с налогоплательщиками УГД по городу Сарани

ФИО/Наименование	Марка ККМ	Заводской номер:	Дата постановки
ДИРКСЕН АЛЕКСАНДР ИВАНОВИЧ/ Дирксен	«ПОРТ DPG-150 ФКЗ»	880000088869	02.10.2025
СЕЧНЕВА НАТАЛЬЯ МИХАЙЛОВНА/ИП СЕЧНЕВА	Меркурий - 115 ФКЗ (версия Online KZ)	000001476513	24.09.2025
КОСАНОВА БИБИЖАН АБДРАИМОВНА/ Косанова	Меркурий - 115 ФКЗ (версия Online KZ)	000001473816	28.08.2025
АКЧУРИНА ЕЛЕНА ЮРЬЕВНА/ИП Акчурина Елена Юрьевна	Меркурий - 115 ФКЗ (версия Online KZ)	000001358657	21.08.2025
ДЖУМАШЕВ ТИМУР МАМЫРБЕКОВИЧ/ Индивидуальный предприниматель Джумашев Тимур Мамырбекович	ПОРТ DPG-25 ФКЗ	550000015530	18.08.2025
СЛЕЗОВ ДМИТРИЙ АЛЕКСАНДРОВИЧ/ИП Слезов Д.А.	«ПОРТ DPG-150 ФКЗ»	880000008675	11.08.2025
РАМАЗАНОВА ТАРАНА ИБИШ КЫЗЫ/ИП Рамазанова	«ПОРТ DPG-150 ФКЗ»	880000089729	17.07.2025
НЕМЕЦКИХ ЕЛЕНА ВИКТОРОВНА/ НЕМЕЦКИХ ЕЛЕНА ВИКТОРОВНА	Меркурий - 115 ФКЗ (версия Online KZ)	000001354147	15.07.2025

МАШУКОВА НАТАЛЬЯ ЮРЬЕВНА/ИП магазин "Строитель"	«ПОРТ DPG-150 ФКЗ»	880000038560	09.07.2025
ХАМИТОВА КАРИНА ШАУКАТОВНА/ИП RiKa	Контрольно-кассовая машина «ПОРТ WP-50»	990000000520	01.07.2025
РЕВИНОВА ИРИНА ВАЛЕРЬЕВНА/Ревина Ирина Валерьевна	ПОРТ МР-55В ФКЗ версия ОФД	010000012703	19.05.2025
ТӨЛЕЖАН НҮРБЕК АЛПЫСБАЙҰЛЫ/ИП Төлежан	Меркурий - 115 ФКЗ (версия Online KZ)	000001420987	12.05.2025
РОМАШЕВИЧ АЛЕКСАНДР СЕМЕНОВИЧ/ ИП Ромашевич	«Порт-100Ф»	005500008981	12.05.2025
КЕНЖЕБАЕВ БАУРЖАН ЕСЕНГЕЛЬДИНОВИЧ/ИП Кенжебаев	ПОРТ МР-55В ФКЗ версия ОФД для ломбардов и пунктов приема стеклотары»	010000020328	05.05.2025
КАРПОВА СВЕТЛАНА БОРИСОВНА/Карпова	«Perfect S версия ONLINE KZ»	200000012111	30.04.2025
ТОО "Медицинская клиника "Здоровье""	«ПОРТ DPG-150 ФКЗ»	880000088351	19.03.2025
ТОО "Қарағанды Жарық"	«ПОРТ DPG-150 ФКЗ»	880000088737	13.03.2025

Продолжение в следующем номере...

ЕСКЕ АЛУ



Ардақты ұл, асқар тау әке, адал жар, қимас бауыр **Мұсабеков Алданыш Адамжанұлының** өмірден өткеніне 1 жыл болды.

Оның болмысы тым бөлек еді... Ақжарқын мінезді, кең пейілді, адамға мейіріммен қарай билетін, үлкенге ізет, кішіге қамқор бола білген асыл азамат еді. Қай ортада жүрсе де адамгершілігімен, қарапайымдылығымен, әділдігімен ерекшеленді.

Қызмет бабында да сыйлы, абыройлы, беделді болды. Елі мен жерінің игілігі үшін аянбай еңбек етіп, айналасына өнеге көрсетті. Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін асқар тауымыздың біз үшін жасаған еңбегі, артынан қалдырған өсиет-өнегесін өмір бойы ардақтап өтеміз. Асыл бейнеңіз жүрегімізде мәңгі сақталады. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын деп дұға бағыштаймыз.

Бір өзіңіз шаңыраққа болдыңыз пана,
Жамандық қылмаушы едіңіз ешбір жанға.
Амал не..., жоқсыз бүгін ортамызда,
Сағынып келеміз сізді баршамыз да.

Марқұмның рухына бағышталған жылдық асы 2025 жылдың 2 қараша күні Қарағанды қаласы, Бытовя көшесі 18/1 мекенжайында орналасқан «ЖАНСАЯ» мейрамханасында сағат 13.00-де беріледі.

Сағынышпен еске алушылар: анасы Баян, жұбайы Гауһар, балалары, туған-туыстары

ОДНА ИСКРА — И БЕДА: СОБЛЮДАЙТЕ ПОЖАРНУЮ БЕЗОПАСНОСТЬ НА АВТОМОБИЛЕ!

Пожары в транспортных средствах — одна из самых частых и опасных чрезвычайных ситуаций. Автомобиль может загореться на дороге, во дворе или даже в гараже. Причинами возгораний чаще всего становятся: неисправности электрооборудования и короткое замыкание, утечка топлива или масла, неосторожное обращение с открытым огнём, установка некачественных, несертифицированных устройств.

Чтобы избежать подобных происшествий, водителям следует помнить несколько простых правил:

- регулярно проходить техническое обслуживание автомобиля;
- проверять состояние электропроводки и топливной системы;
- не хранить в салоне легковоспламеняющиеся жидкости и газовые баллоны;
- не курить в автомобиле;
- иметь в машине исправный огнетушитель и знать, как им пользоваться.

Днём 17 октября в посёлке Актас произошёл случай, подтверждающий, насколько опасно

пренебрегать мерами пожарной безопасности. Во время рабочего процесса на территории одного из производственных цехов загорелся грузовой автомобиль марки DAF. Пламя быстро охватило кабину и распространилось на крышу цеха. Общая площадь горения составила около 700 квадратных метров. Благодаря оперативным действиям подразделений пожарной службы, возгорание было локализовано и ликвидировано, пострадавших нет. Этот инцидент стал ещё одним напоминанием о том, что пожар может начаться внезапно и привести к серьёзным последствиям. Даже небольшое возгорание требует немедленного реагирования — необходимо остановить транспорт, выключить двигатель, вызвать пожарную службу по номеру 112 и принять меры по тушению, не подвергая себя опасности. Пусть этот случай станет предупреждением для всех водителей: бережное отношение к технике и соблюдение правил пожарной безопасности способны сохранить не только имущество, но и человеческие жизни.

ОЧС информирует

Осторожно: отопительный сезон!
Соблюдайте правила пожарной безопасности!

С наступлением холодов возрастает риск возникновения пожаров в жилом секторе. Основные причины — нарушение правил эксплуатации печей, отопительных приборов и электрооборудования. Каждый год в отопительный период происходят десятки пожаров, которые могли бы не случиться, если бы люди соблюдали элементарные меры предосторожности. Печи, обогреватели и электроприборы создают комфорт и тепло, но при неправильном использовании становятся источником серьёзной опасности.

Чтобы избежать беды, необходимо помнить:

- перед началом отопительного сезона обязательно проверить и очистить дымоходы и печи от сажи;
- не оставлять включённые обогреватели без присмотра;
- не сушить вещи и топливо на печах и рядом с ними;
- не использовать для растопки печей бензин, керосин и другие горючие жидкости;

- не перегружать электросеть — не включать одновременно несколько мощных приборов в одну розетку;
- держите под рукой первичные средства пожаротушения — ведро с водой, песок или огнетушитель.

Особое внимание следует уделить детям и пожилым людям — они чаще всего становятся жертвами пожаров из-за беспечности или отсутствия контроля. Родителям нужно объяснять детям, что играть со спичками и включать электроприборы без взрослых категорически запрещено.

Напоминаем: при первых признаках пожара необходимо немедленно звонить по номеру 112 и не пытаться самостоятельно справиться с сильным огнём. Бережное отношение к отопительным приборам и соблюдение правил пожарной безопасности — это залог вашего спокойствия, сохранности дома и жизни близких.

ОЧС информирует



РЕКЛАМА И ОБЪЯВЛЕНИЯ



В ТОО «SUNPAPER» ТРЕБУЮТСЯ:

- РАЗМОЛЬЩИК
- РЕЗЧИК
- ОПЕРАТОР ПАРОВОЙ КОТЕЛЬНОЙ
- УКЛАДЧИК-УПАКОВЩИК
- ОПЕРАТОР БУМАГОРЕЗАТЕЛЬНОЙ МАШИНЫ
- ВОДИТЕЛЬ ПОГРУЗЧИКА
- РАЗНОРАБОЧИЙ
- ГРУЗЧИК



ОФИЦИАЛЬНОЕ ТРУДОУСТРОЙСТВО В СООТВЕТСТВИИ С ТК РК



ПИТАНИЕ



РАЗВОЗКА



ТРЕНАЖЁРНЫЙ ЗАЛ



КОНТАКТНЫЙ НОМЕР:

+7 775 282 90 18

ЗВОНИТЬ В БУДНИ С 08:00 ДО 17:00

ПРОДАЕТСЯ

Продается 1-к квартира в центре п. Актас.

С евроремонтом, всё в шаговой доступности, кухня с мебелью. Цена: 6 млн. тенге.

Т.: 8-708-545-82-18.

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперника, дезинфекция клещей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32.
Т.: +7-775-406-08-17, 8-747-703-48-50 (Ирина).

Продается электрогенератор бензиновый HUTER DY 3000LX.

Напряжение 220В, частота 50Гц, мощность 2,5 кВа, бензин АИ — 92. Генератор б/у, в отличном состоянии, практически не использовался. Для бензина АИ — 92. Заводится при помощи ключа.

Телефон: 8-700-673-78-66 (WhatsApp).



КОЛОНКА НОТАРИУСА

Нотариусы города Сарани сообщают, что 24.10.2025 г. открылось наследственное дело после умершего 17.10.2025 года Махаровича Вячеслава Николаевича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 17.04.2026 г.

Лицензия № 14000995 от 31.01.2014 года Министерства юстиции РК

Нотариусы города Сарани сообщают, что 23.10.2025 г. открылось наследственное дело после умершего 28.08.2025 года Краснобаева Владимира Кирилловича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 28.02.2026 г.

Лицензия № 16002610 от 11.02.2016 года Министерства юстиции РК

Нотариусы города Сарани сообщают, что 29.10.2025 г. открылось наследственное дело после умершего 23.10.2025 года Бондарева Владимира Владимировича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 23.04.2026 г.

Лицензия №14005265 от 17.04.2014 года Министерства юстиции РК

Нотариусы города Сарани сообщают, что 28.10.2025 г. открылось наследственное дело после умершего 09.05.2025 года Кунанбай Жумажана Мауледиулы. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 09.11.2025 г.

Лицензия № 0002086 от 31.12.2004 года Министерства юстиции РК

Нотариусы города Сарани сообщают, что 29.10.2025 г. открылось наследственное дело после умершей 24.10.2025 года Фанагей Любови Андреевны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 24.04.2026 г.

Лицензия № 14018231 от 05.12.2014 года Министерства юстиции РК

**МЕСТО
ВАШЕЙ
РЕКЛАМЫ**

ПОЗДРАВЛЯЕМ!

Осень. Пора осмысления пройденного пути, мудрых мыслей, размышлений о жизни. Передача опыта новым поколениям – времен связующая нить.

Поздравляем с юбилеем:

Данильчук Антона Матвеевича - 80 лет;
Виттенберг Валентину Григорьевну - 75 лет;
Кнутову Дину Петровну - 70 лет;
Горину Юлию Дмитриевну - 70 лет.
Октябрьских именинников:

Стрижко Наталью Ивановну, Клейменову Наталью Михайловну, Курьянову Валентину Федоровну, Волкову Валентину Сергеевну, Заря Лилию Михайловну, Кожевникову Наталью Яковлевну, Лазаренко Валентину Иосифовну, Молдабаеву Айтан, Лаврову Валентину Ефимовну, Лебедевцеву Валентину Ивановну, Рябцову Татьяну Ивановну.

Оставайтесь такими же жизнерадостными, активными, с вечно юной душой. Здоровья вам и всех земных благ!

А. Бактыбаев,
руководитель ГУ "Отдел образования" г. Сарани
О. Свиригун,
и. о. председателя первичной организации ветеранов образования

А. Жамбеисова,
председатель профсоюза организаций образования "Білім"



Служба доставки города Сарани
сердечно поздравляет
Балашову Ольгу Витаутасовну
с Днём рождения!

Пусть этот день подарит Вам море улыбок, тепла и прекрасного настроения!

Желаем крепкого здоровья, благополучия, успехов в работе и личной жизни, а каждый новый день пусть приносит радость и вдохновение!

С уважением,
Служба доставки г. Сарани

»» МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ҰЛТҚА ҚҰРМЕТ



Қазақ тілі - қазақ мәдениетін жеткізушілердің бірі. Қазақ тілі өзінің мазмұндылығымен, маңыздылығымен, құндылығымен ерекшеленеді.

«Қазақ тілі – рухани байлығымыздың қайнар бұлағы» - деп бекер айтылмаған. Қазақ тілі қазақ елінде, қазақ жерінде өркендеуі тиіс. Тіл – қазіргі кезеңде аса көңіл аударарлық нәрсе, қазақстандық патриотизмнің қалыптасуы мен ұлттық және жеке тұлғалық дамудың қалыптасуына тікелей бағыт – бағдар беретін құбылыс болып табылады.

Тілге деген құрмет – ұлтқа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болуы үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуге міндеттіміз.

«Ұлт боламын десең – бесігіңді түзе» дегенде Мұхтар Әуезов әуелі тілді тиек еткендей, баланың тіл мәдениетін қалыптастыруда өзі тәрбиеленіп отырған отбасының алатын орны ерекше екенін атап көрсеткен жөн болар. Баланың бал тапқан тілінен жоғары мәдениетті тілін және ұлтына деген махаббатын қалыптастыруда отбасындағы ата – ананың орны ерекше

болады.

Отбасында, жалпы балаларымен қазақ тілінде және ата – аналар өзара қазақ тілінде сөйлесе, сол отбасында тәрбиеленіп отырған баланың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігі артар еді. Сол сияқты ана тілінде жақсы сөйлеп, өз ойын жүйелі жеткізетін адам өз ұлты үшін жанын берер еді. Сондықтан да біздің алдымызда тұрған үлкен мақсат, бұл – келешек бүлдіршіндерді қазақ тілін сүйуге және сол тілді жетік меңгеруге үйрету және қазақ тілінің көркемдік ерекшеліктерін түсіну, қарым – қатынас арасында тіл көркемдігін, тіл мазмұндылығын, тіл тазалығын жүйелеу болып табылады.

Отбасы – ұлттың тірегі болса, тіл – ұлттың жаны. Тіл халықпен бірге өмір сүріп, дамиды. Себебі, әр ұлттың тілі – оның бақыты, тірегі. Ана тілінде таза, шұбарламай сөйлеу, тілге деген оң көзқарас мәдениеттілік, тәрбиелілік болып табылады. Ана тілінді қадірлеу – мемлекетіңді, ұлтыңды, өзіңді қадірлеу.

Ж.Джумашева,
Саран қаласының
полиция бөлімі

**ХОТИТЕ СКАЗАТЬ «СПАСИБО»,
ПОЗДРАВИТЬ РОДНЫХ
ИЛИ ПРОДАТЬ КВАРТИРУ?**

**ВЫ МОЖЕТЕ
СДЕЛАТЬ ЭТО:**

- НА СТРАНИЦАХ НАШЕЙ ГАЗЕТЫ
- В НАШЕМ INSTAGRAM ПРОФИЛЕ
- НА ГОРОДСКОМ LED-ЭКРАНЕ

**ЧТО ДЛЯ ЭТОГО
НУЖНО?**

Просто напишите
нам на WhatsApp
или приходите
в нашу редакцию -
мы сделаем всё
быстро, удобно
и с душой.

+7-778-207-10-06

saran_today

Адрес редакции газеты:
ул. Жамбыла, 69/1

*Услуги размещения объявлений платные

**РЕКЛАМА
ОБЪЯВЛЕНИЯ
ПОЗДРАВЛЕНИЯ**

**На LED-ЭКРАНЕ
в центре города**

**ПОДАВАЙТЕ
ОБЪЯВЛЕНИЯ
НЕ ВЫХОДЯ
ИЗ ДОМА!**

+7-778-207-10-06
ПН-ПТ С 9.00 ДО 18.00 ЧАСОВ

**Саран
газеті**

Директор
ТОО «Саран
тынысы»,
главный редактор
Б.Е. МАЙПАСОВА

Газета зарегистрирована
в Министерстве информации
и коммуникаций
Республики Казахстан.
Свидетельство
№ КЗ82VPY00121161
от 05.06.2025 г.
(номер и дата первичной
постановки на учет
10.02.2006 г., 6940-Г)

Собственник:
ТОО «Саран
тынысы»

Адрес
редакции:
101200
г. Сарань,
ул. Жамбыла, 69/1
Тел., факс: 5-10-15
sarangazeti@mail.ru

Выходит
один раз
в неделю,
форматом А3
Тираж 740

Газета
набрана
и сверстана
в редакции
Распространяется
по подписке и в розницу
в г. Сарани и пос. Актас

Отпечатано в ТОО
«Типография «Арко»
100009
г. Караганда,
ул. Сатпаева, 15
Печать офсетная.
Заказ № 87-88

Опубликованные матери-
алы не всегда отражают
точку зрения редакции.
Ответственность за
достоверность сведений,
содержащихся в публика-
циях и рекламном тексте,
несут авторы публикаций
и рекламодатели.